

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі

**2021-2022 оқу жылындағы
«Өзін өзі басқару » үйымының жылдық жоспары**

Орындаған:Ануарбекова.М

Ақтөбе 2021-2022

2021 жылдың 20-24 сәуір аралығында М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінде оқушылардың өзін-өзі басқару негізінде «Мектеп Парламенті» сайлауы онлайн форматта өткізілді. Барлық оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сайлаудың өту барысы инстаграм желісіне хабарланып жарияланды. Сайлауга 8-10 сынып оқушылары қатысуға ниет білдірді. Үміткерлер өз бағдарламаларын жасап ұсынды.

Парламенттің мақсаты-білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік, құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекеттің жетілдіру мүддесін дс әрекст стс алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Сайлау нәтижесі бойынша 132 дауыс пенен 9 «Ә» сынып оқушысы А.Арыстанбеков мектеп президенті болып, ал қалған кандидаттар мектеп парламенті президентінің мүшелері болып тағайындалды.

Мектеп президенті-Арыстанов Алишер

Спорт және салауатты өмір фракциясы-Жәдігеров Нұрахмет

Дебат қозғалысының фракциясы-Қоянбай Сабина

Жас Ұлан БЖҰ ұланбасы-Женісова Инабат

Экология және енбек фракциясы-Қамысбаева Мерей

Мәдениет және өнер фракциясы-Темірхан Асылмұрат

Камкорлық фракциясы-Әділжан Әділет

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы-Балтабакқызы Ақниет

Ақпарат фракциясы-Өтесін Бағлан

Құқық және тәртіп фракциясы-Пралин Өркен



2021 жылдың 1-қазан Қарттар күніне орай мектебіміздің «Мектеп парламенті» ұйымының мүшелері жоғары сынып оқушылары, мектеп тәлімгері қарт ата-әжеге барып, құттықтап қайтты.



16-желтоқсан ҚР Тәуелсіздік мерекесіне орай онлайн мерекелік шара ұйымдастырылды.



2022 жылдың қантар айының 1-10 аралығында жасуландықтар, жасқырандықтардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қашықтық форматында түрлі шаралар ұйымдастырылды. Айта кетсек, жасқырандықтарға «Мен бос уақытымды қалай откіземін» тақырыбында фото көрме, «Біздің отбасымыз Жана жыл мерекесін карсы алуда» тақырыбына суреттер, жасуландықтарға «Таланттар әлемі» қашықтық форматында (ән, би, мәнерлеп оқу) байқауы өткізілді. Шара соңында барлық қатысқан оқушылар алғыс хатпен марапатталды.



2022 жылдың қаңтар айында қысқы каникул кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепшілік «Мектеп парламенті», және «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелеріне қашықтық форматында сурет көрмесі ұйымдастырылды.



9-ақпан М.Мақатаевтың туған күніне орай «Жас Ұлан» балалар ұйымы мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.



1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектеп фоесінде барлығына алғыс кішігірім мерекелік кеш ұйымдастырылды. Шара барысында ән айтып, би билеп, жүрек жарды алғыстарын арнады.



2022 жылдың 11-наурыз күні «Жас Қыран» балалар үйымының мүшелері 3-4 класс оқушылары мен аналары арасында «Аяулы ана, инабатты қызы» байқауы үйимдастырылды.

Мақсаты : балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге үйрету. Бала бойына ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазак қызына тән жақсы қасиеттерін қалыптастыру.

Байқау 4 кезеңнен тұрды.

- I. Таныстыру
- II. Өз өнерін көрсету
- III. Сән
- IV. «Көктемгі микс» (тағам жасау)

Нәтижесінде

Бас жүлде - 3 А класы Маден Азиза, анасы Телгарина Шолпан
I орын – 4 В класы Қанатқызы Айдана, анасы Алтаева Арина
II орын – 4 Б класы Даймағанбет Баян, әпкесі Даймағанбет Гүлсамал
III орын – 3 В класы Нұрахан Аружан, анасы Бришева Самал



22 наурыз мерекесіне орай жасұландықтар тағы да өздері онлайн форматта құттықтауларын жолдады.




14-желтоқсанда, азаматтығымыздың айбыны, азат күніміздің айдыны, ерікті еліміздің еңсесін көтеріп, мерейін асқақтатқан киелі де, қасиетті, ұлық мереке КР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды.



Желтоқсан айының 25-28 жүлдізында «Қалалық оқушылар сарайының» ұйымдастырылуымен «Жаңа жылдық сыйлық» қайырымдылық операциясы өткізілді. Қайырымдылық іс-шараға аға тәлімгер, мектеп оқушылары, ата-аналар атсалысты. Әрқайсысы өз мүмкіндіктеріне қол ұшын созып, жиналған түрмистық заттар, киімдер, ойыншықтар және мектеп тәлімгерінің қаржылай берген көмегі Қалалық Оқушылар Сарайына тапсырылды.



-2023 жылдың кантар айының 9 жүлдізында 4-5 сыныптар аралығында «Көңілді аққала» атты сәндік қолданбалы шығармашылық жұмысы үйымдастырылды. Үйымдастыру барысында 4-сыныптан 3 отбасы, олар: Әбділдә Сержан 4 «Д», Айса Айкерім 4 «Ә», Балғазы Әсет 4 «А» кластары және 5 сыныптан 5 отбасы, Краутай Нұрбек 5 «А», Оразғалиева Дильназ 5 «А», Қанатұлы Дәулет 5 «Ә», Марат Нұрай 5 «Б», Атақан Сұлтан 5 «Б» класс оқушылары белсенділік танытты.



10-31 қантар аралығында «Tik-tok» таланты қашықтан байқауы үйымдастырылып, оқушылар өз тик ток каналдарына #тиктокталантыактобеҳәштегімен жұмыстарын салып, әр жанр бойынша 1-орын алған жұмыстар қалалық кезеңге жолдама алды. Олар Ұланбасы Балтабай Аңсаған 9 «Г», Жәутікова Фатима 4 «Ә», Ережеп Сезім 4 «Д» сынып оқушылары. Қалалық Оқушылар Сарайының үйымдастырылуымен қалалық кезенде жоғарыда аталған 3 оқушының жұмысы топтық жұмыс бол бағаланып жүлделі 3 –орын иеленді.



Қантар айының 28-де 2 сыныптар арасында «Үздік математик» зияткерлік байқауының мектепішілік кезеңі өтті. Сынып жетекшілерінің 2

тоқсандық математика пәнінің бақылау жұмыстарының нәтижесі бойынша әр сыныптан 4 оқушыдан алынып, барлығы 10 оқушы қатыстырылды. Ең жоғары үпай жинаған 2 «Ә» класс оқушысы Оразай Ілияс қалалық кезенге жолдама алып, мақтау қағазымен марапатталды.



Ақпанның 3 күні аға тәлімгерлер арасында «Қалалық оқушылар сарайы» үйымдастырған «Көкжиең life» қалалық ұжымдық шығармашылық бағдарламасы онлайн форматта өткізілді. Аға тәлімгерлерді 4-топқа бөліп, әр топқа тапсырма берілген. Бізге берілген тапсырма «МобиЛЬДІ репортер» - өзекті мәселелерге байланысты бейнemатериал, бейнесюжет немесе фотосуреттер топтамасын дайындау берілді. Өзекті мәселе автобустардың журу уақыты мен қыстың күні аялдаманың жабық түрүү ретінде халықтан сұхбат алынып, мобиЛЬДІ репортаж түсірілді.



11 ақпанды «Жас Ұлан» мектеп кеңес құрамымен «Өзін-озі басқару» тақырыбында кезекті отырыс өткізілді. Онда «Жас Ұлан» үйымының мақсат міндеттері, бағыттары, жұмыс тәсілдері мен күтілетін нәтижелер айтылды.



Ақпан айының 14-жүлдөзинде «Геолог» мәдениет үйінде Кеңес Одағы әскерлерінің Ауғаныстан жерінен шығарылған күніне орай, «**Ауғанның от жалыны**» атты ауған соғысының ардагері Қойлыбаев Марат Айтұғанұлымен кездесі ұйымдастырылды. Кездесуге мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері қатыстырылды. Кездесу барысында ардагер «Мектеп парламентінің» қойылған сұрақтарына жауап беріп, ұнаган мардымды сұрақтарға өзінің сыйлықтарын берді. Атап айтқанда 10 «Ә» класс оқушысы Темірхан Асылмұрат және 9 «В» класс оқушысы Әбдіразақов Жаннұр сыйлықтарға ие болды.



АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕР
ҚОЙЛЫБАЕВ МАРАТ АЙТҰҒАНҰЛЫМЕН КЕЗДЕСУ



Ақпанның 22-де «Жемқорлыққа жол жок!» тақырыбында «Мектеп парламенті» ұйымы, «Сырғалым», «Еріктілер» клубтары арасында ойтолғау өткізілді. Оқушылар слайд бойынша тапсырмаларға байланысты пікіралысып, өз ойларын ортаға салды.



2022 жылдың наурыз айының 1-жүлдөзында алғыс айту күніне орай «Жас Ұлан» және «Мектеп парламенті» ұйымы «Мың алғыс!» атты репортаж жүргізді. Мектебіміздің Ұланбасы Балтабай Аңсаған мен сыныпбасы Мусабек Эльзат алғыс айту күні туралы мағлұмат беріп, мектеп әкімшілігіне және ұстаздарға «алғысым шексіз» постерлерін таратты. Сонымен қатар дәлізге жазып жабыстырды. Мұғалімдерден, оқушылардан видео жолдау арқылы алғыстар айтылды.

2022 жылдың 12-наурызында «Мен және спорт» атты «Мектеп парламенті» ұйымы, яғни 8 сыныптар арасында спорттық эстафета өткізілді. Жарысқа «Арын», «Жас Ұлан», «Еріктілер», «Спорт» атты 4 команда түсіп, 1 орын «Спорт», 2 орын, «Арын», жүлделі 3 орын «Жас Ұлан» және «Ұйымшыл» команда номинациясы бойынша «Еріктілер» марапатталды.




2021-2022 оқу жылындағы сәуір айының 7-сі күні Қалалық Оқушылар Сарайының «Көкжиек» аға тәлімгерлер клубының кезекті отырысында М.Арын Қарғалы қазақ орта мектебінің тәлімгері А.Д.Кувандыкова «Көңілі көтеріңкі тәлімгердің, енбегі де жемісті» тақырыбында тәлімгерлік шеберхана өткізді.



2022 оку жылының сәуір айының 15-де «Жас Экотілші» облыстық экорепортаж байқауы өткізілді. Мақсаты: балалардың экологиялық мәдениетке деген үйлесімді көзқарасқа тәрбиелеу. Мектебіміздің 9 «Г» сынып оқушысы Құрбанбаев Райымбек «Табиғат аясындағы Тимбилдинг» тақырыбында экорепортаж түсіріліп жолданды. Нәтижесінде жүлделі 2 орын иеленді.



15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне арналған 5-6 оқушыларының арасында «Отбасым менің мақтанышым» тақырыбында бейнеролик дайындалды. Мақсаты: Отбасылық қарым-қатынастың оң тәжірибелесін тарату, жас үрпақтың жоғары рухани-адамгершілік, әлеуметтік және жеке қасиеттерін қалыптастыру және дамыту, отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата-анасын сыйлай билетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.



19 мамыр «Қалалық оқушылар сарайында» Ақтөбе қаласы бойынша «Мектеп парламенті» үйімі мен мектеп аға тәлімгерінің 3 жылдық есеп беру концерті өтті. Концертте мектеп тәлімгері мен Ұланбасы белсенділік танытып, сахнада өнер көрсете білді. М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебінің Ұланбасы Балтабай Аңсаған мақтау қағазымен марапатталды.

